

ISSN 2413-3558
Индекс 74876

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Дінтану сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК КазНУ

Серия религиоведения

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

KazNU BULLETIN

Religious studies series

№1 (5)

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

ҚАЗАҚ ДІНИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АҚИДА МӘСЕЛЕСІ

Әрбір халықтың халық ретінде тарих сахнасына шыққаннан бастап, өзінің білім беру жүйесі болатыны айдан анық. Сол сияқты қазақ халқының да осы уақытқа дейін жүріп өткен тарихи жолында білімнің орны ерекше болғанына ешкімнің таласы жоқ. Бұған дәлел білімімен бүкіл әлемді таңғалдырған біздің бабаларымыз. Олар: әл-Фараби, әл-Кинди, ибн Сина, әл-Бируни сияқты мұсылман ғұламалары. Бұлардан басқа қаншама атақты ілім иелері бар екендігі баршаға белгілі.

Дін тақырыбы қазіргі таңда және келешекте де адамзат үшін маңызды тақырыптардың бірі. Дін – қасиетті кітабымыз Құран Кәрім бойынша адам пайда болған кезден бастап бар бір сезім. Социологиялық тұрғыдан діни сезім немесе түсінік әлеуметтік тұрғыдан қоғамның ортақ құндылығы болып табылады. Қазіргі таңда дамыған елдер өз халқына діни білім бергенде үкімет әрбір діни, әрбір топқа, әрбір сенімге бірдей қарап, оларды бөле жармайды. Халыққа жеткілікті дәрежеде діни білім бере алмаған қоғам уақыт өте келе мазмұны мен сипаты жағынан рухани биліктің қол астына өтеді [1, 17 б.]. Сондықтан қазіргі заманның талабына сай, дінге қатысты қойылған сұрақтарға дұрыс жауап бере білуіміз қажет.

Қазақ діни білім беру жүйесіндегі ақида мәселесі жайында айтпастан бұрын, ақида сөзінің терминдік мағынасына терең үңілейік. Сонымен, «ақида» ұғымы араб тілінен аударғанда (сөздік, яки грамматикалық мағынасы) «бір нәрсенің бөлек ұштарын бір жерге жинау», «топтау» мағынасын береді. Көпше түрі «ақайд». Терминдік мағынасы болса, дініміздегі басты тұжырымдарды құрайтын сенім жүйесі, дәлірегі, иман негіздері дегенді білдіреді. Ақида ұғымы сенім жүйесі ретінде қолданылуымен бірге, белгілі бір мәзхабтың немесе бір мәзхабты құрған имамның иман негіздеріне қатысты айтқан пікірлері мен түсінігін білдіру үшін де қолданылады. Ислам дінінің сенім жүйесіне қатысты саласын зерттейтін ғылымды «калам» десе, тікелей сенімге байланысты айтқанда «итикад» термині қолданылады. Сол секілді ақиданы да, көп жағдайда иман негіздері деп айтуымызға әбден болады [2, 22 б.]

Ислам діні – дін ретінде тарих сахнасына шыққаннан кейін Хз. Пайғамбарымыздың көзі тірі кезінде-ақ әртүрлі ғылымдардың дамуына көп мән берген болатын. Бірақ,

Хз. Пайғамбарымыз дүниеде болған уақытта ислам ілім салалары қалыптаспаған болатын. Себебі, ол кезеңдегі адамдар кез келген сұрақтың жауабын Хз. Пайғамбарымыздың өзінен сұрап білген. Кейінірек Хз. Пайғамбарымыз дүниеден өткеннен кейін әртүрлі сұрақтар мен келіспеушіліктер пайда болды. Сол сұрақтарға жауап іздеу жолында әртүрлі ислам ілімдері қалыптасты. Ислам фалсафа тарихы, адамдық ойлау жүйесіндегі ең бай тарих болып саналады. Ислам ойлау жүйесінің ең маңызды бір бөлімін ортаға шығарған философиялық ойлау жүйесі тарихта маңызды орынға ие. Ислам ойлау жүйесі Антика заманының ұмытылып бара жатқан ой-пікірлерін қайта жандандырған. Сонымен қоса Құран мен Сүннетті мәдениетке енгізуде басты негіз болған.

Бірақ мұсылмандарға Құран мен Сүннет жеткілікті болмады ма? Неге кенеттен басқа ғылымдарға мұқтаждық туындады? Неге ақида, фикһ, тәпсір, хадис сияқты ғылымдар пайда болды?

Аталған ғылымдардың пайда болуына белгілі бір факторлар әсер еткен. Олар:

1. Пайғамбар қалдырған мұраларды сақтап, келешек ұрпаққа жеткізу.
2. Араб емес халықтар арасында ислам дінін тарату.
3. Ислам дінінің басқа сеніммен, мәдениеттермен, дәстүрлермен бетпе-бет келуі.
4. Жекелеген топтар мен қасиеттердің әсері.
5. Ислам дінінің ішінде ағымдардың пайда болуы.

Мұхаммед (с.а.с) сахабаларына аз болса да білгендерінді іштеріңе сақтамаңдар, басқаларға үйретіңдер дейтін, сонымен қатар ұстазы жоқ мекендерге ұстаз жіберген.

Өзі былай сөйлейтін: «Ер болсын, әйел болсын ілім алу әр мұсылманның парызы».

Кейбір кітаптарда бұл хадистің жанында мынандай сөйлем орын алған. «Қытайда болса да, білім ал». Араб мемлекеті үшін ол заманда Қытай алыс мағынада қолданылған. Бұл жайында Ибн Ханбалда және Ибн Келбидің еңбектерінде расталған.

Бір риуаят бойынша, Расулаллаһ Қытайлардың ең көп шоғырланған Оман және Бахрейнге барған. Мұхаммед (с.а.с) бұл жерлерде Қытайдан келген саудагерлермен танысқан. Бұл саудагерлер Пайғамбарға еш тоқтамай, қанша күн жол жүргендіктерін түсіндірген, сол уақытта Пайғамбарымыз жолдың қаншалықты ұзақ екендігін түсінеді. Мұхаммед (а.с) білімнің шартарапқа таралуы үшін көп өсиеттер айтқан.

Сонымен қатар дінтанушы, Қалмахан Ержанның «Діни білім негізі медресе» деген мақаласындағы маңызды мәліметке тоқталып өтсек. Оның айтуынша, Пайғамбарымыз (с.ғ.с) Мәдинаға һижрет еткеннен кейін Пайғамбар мешіті жанынан тек білім алумен айналысатын мұсылмандар оқитын медресе іспеттес үй «дарул курра» (қарилар үйі) ашылды. Бұл орындар алғашқы білім алатын оқу орындары болып, жататын жерлерді және ас-суды дәулетті мұсылмандар көтерді. Сондай-ақ бұл жер тек кедей мұсылмандардың паналаған жері ғана емес, Құран оқытылып, жаттатылатын тағылымды медресе еді [3, 193 б.].

Берілген мәліметтерден ғылым мен білімнің сонау Пайғамбарымыз заманынан бастап қолға алынғандығын көреміз. Сонымен қатар Айша анамыздың үйі де кішігірім қыздарға арналған оқу орны болғаны тарихтан белгілі.

Медреселер көбейген сайын ғылым, білім, мәдениет те дамып өркендей берді. Ислам дінінің түркі халықтарының арасында таралуына осы медреселердің ықпалы көп. Оған дәлел орыс ғалымы Н. Остроумовтың «Түркістан аумағындағы медреселер» деген еңбегі дәлел. Н. Остроумовтың айтуы бойынша, Түркістан өлкесінде мұсылмандық арабтар жаулап алғаннан кейін тарады – деп есептейді. Сонымен қатар, бәрімізге белгілі Хорасандық Кутейба 705-715 жж ең бірінші Бұхараны, Самарқандты, Шахрисаябты және Хиваны жаулап алады, одан кейін оның әскері Сырдария мен Ферғананы сосын Шаш облысын басып алады. Бірақ араб-мұсылмандық мәдениеті бұл өлкелерде қатты жайыла қойған жоқ. Тек қана діні ғана емес, сонымен қатар арабтар мен түріктердің тілі де әртүрлі еді. Бұл өлкелерде жаңа сенім мен білім жүйесі қалыптаса бастады.

Біздің қолымызда сол кезеңнен хабар беретін томдық тарихи еңбектер жоқ. Сондықтан біз IX ғасырда Бұхарада өмір сүрген ғалымдармен шектелеміз. XII-XIII ғасырларда Түркістан өлкесінде мұсылмандық білім беру жүйесі жақсы дамыды. Бірақ монғолдардың шапқыншылығы кезінде көптеген білім ордалары қиратылды. Әмір Темірдің тұсында білім мен өнерге қолдау көрсетілді. Оның дәлелі сол кезеңдегі ескерткіштер мен білім орталықтары.

Әмір Темір туралы шығыстың және батыстың тарихи мұраларын жақсы білген, ғалымдар мен шейхтарды қатты құрметтеген және діни адамдармен сұбаттасқан дейді. Әмір Темірдің Сарай Мулька ханым деген әйелдерінің бірі Темірдің көзі тірі кезінде Самарқандтан

медресе салдырған. Ол мешіттің атауы «Би-бі Ханым» болды. Бұл Темірдің кезіндегі Самарқандтағы бірінші медресе болған. Сонымен қатар, Алпарслан ұлы Мәлікшахтың уәзірі низам әл-Мүлік өз қаражатымен Бағдатта үлкен медресе салдырды, ол кейіннен «Низамия» атымен мәшһүр болды. Аббасилер кезеңінде де білім басты назарда болған, оған дәлел халифа Мустансир Биллахтың Дижла өзенінің жағалауына орналасқан «Мустансирия» медресесі дәлел бола алады [4, 1 б.].

Медреселерде дәріс беретін оқытушылар «абыз» (хафиз), «ахун», «молда», «хазірет», одан жоғары муддарис (оқытушы, мұғалім) деп аталады. Ал оқушыларды «шәкірт» талиб әлилм (ғылым ізденуші дейтін).

Медреселер өзінің білім беру, оқу дәрежесіне қарай төрт басқышқа бөлінеді.

Бастауыш медресе. Оны ибтидия (бастауыш) деп атайды. Оқу мерзімі – төрт жыл;

Рушдия – оқу мерзімі – үш жыл;

Игдадия – жоғары оқуға дайындық, оқу мерзімі – үш жыл;

Ғалия – мұнда жоғары білім береді. Оқу мерзімі – үш жыл;

Ғалияны бітірген адамға «абыз», «молда», «халфе» немесе «муддарис» деген атақ беріледі. Медреселерде жалпы оқу мерзімі он екі-он үш жылға созылады.

Оқу пәндері медреселердің сатысына байланысты белгіленеді. Жоғары білім берген медреселерде арабша (лексика, этимология, синтаксис, риторика, тарих, Құранды оқу-игеру әдісі) дін үйрену, заңнама (Құранды оның аяттарын, хадистерді талдау, фикһ, заң негіздері); фәлсафа (логика, математика, география, астрономия, медицина, табиғаттану негіздері, ой талдау фәлсафасы) оқылады. Медреселердің бағдарламасында діни оқу жағы басым болады.

Жорабаев Джамшед Хабибуллаұлының «XVIII ғ. аяғы – XX ғасырдың басындағы Бұхара хандығындағы білім беру жүйесі» атты мақаласында Бұхара хандығындағы білім беру жүйесі жайында сөз қозғайды. Бұхара хандығы мектеп және медресе саны жағынан ерекше орын алады. Бұхара хандығының мәдени орталығы-Бұхара. Ислам дінінің келуімен Бұхара бүкіл орта Азияның мәдени орталығы болды. Сол кезеңде мешіттер, медреселер, мектептер ашыла бастады. Бұхарада мұсылмандық діни білім беру жүйесі қалыптасты. Бұхара медреселерінде зайырлы білімдермен қатар, діни білімдер де берілген. Мысалы: кәләм, фикһ, тәпсір, хадис ғылымдары оқытылған.

Е.К. Мейендорф Бұхараны өркениеттің орталығы ретінде көрсетеді. Әйгілі болған, кейін Шығыста құрметке ие болған, көптеген мектептердің, ғалымдардың, Бұхарадан шыққан қасиеттілердің арқасында «әс-Шерифа» атына ие болды. Шахмұрат пен Хайдар әмірлердің тұсында Бұхарада нағыз діни білімнің жандаған уақыты болды.

Балаларды араб тілінде Құран мен шариғатқа үйретті. Балаларды оқыту имамдарға жүктелді. Мектептер шәкірттердің ата-аналарының берген ақшасына қаржыланды. Мектептердің көптігіне қарамастан, олар білім берудің ескі жүйесіне байланысты артта қалды. Мектептердегі білім беру жүйесі XIII ғасырда қандай болса, сол күйінен өзгермеген еді.

Е.К. Мейендорфаның сөзі бойынша: «мектептердің негізін қалау қасиетті болған, ал кедей отбасылардың балаларын оқыту борыш болған».

Бұхарада болған П.И. Демизон 1833 жылы мектептерді былай сипаттайды: «Мектептер өте көп. Олар әрбір мешіттің жанында ашылған. Ол жерде балалар оқуды, санауды, жазуды және Құранды үйренген. Мектептер бір қарағанда басқаша көңіл-күй сыйлайды олар алаңнан сәл жоғарылау жерде орналасқан. Ішіне кірген уақытта мұның неге бұлай жасалғанын түсінеміз. Барлық балалар кішкентай шұңғыланың ішіне сыйып отырады. Бұл шұңғыланың жасалу себебі, ойықтың ішінде отырған балалар жердің жоғарғы қабатын үстел есебінде пайдаланған. Сонымен қатар балалардың көп қимылдамай, назарларын тек сабаққа аударуына арналып жасалынған «қулыққа толы өнертабыс» десек те болады. Егер медреселер жердің өзінде орналасар болса, кейбір ауландарда су тасу қауіптері болғандықтан, жоғары қырларда орналасқан.

Мектептің саны қаладағы мешіттер санымен бірдей болған. XIX ғасырдың 30 жылдары Бұхарада Насруллахтың басқаруы тұсында 366 үлкен және кішкентай мекеме болған. Олардың үштен бірі үлкен мекемеде орналасқан, олардың ішінде 70-80-ге дейін шәкірт оқыған. Мектепке келген шәкірттер ең алдымен Құран жаттаудан бастаған. Содан кейін араб әліппесін үйренеді. Араб әліппесін үйрену өте қиын. Негізгі білімді үйренгеннен кейін шәкірттер «Хафтияк» кітабын оқиды. Одан кейін Чахар-кітапты үйренеді.

«Чахаркітаб» Құраннан кейінгі ең әйгілі кітап болған. Ол төрт кітаптан құралған, әрқайсысының өз авторы мен аты болған». Бұл айтылғандардан сол уақыттарда Бұхара медресе-

селерінде оқытылған пәндердің ішінде ақида сабақтары болғандығын көреміз. Сонымен бірге Қазақстан жерінде де медреселер өте көп болғанын білеміз. Олардың ішінде атап өтетін болсақ, Айғаным медресесі Мұнда қазақтың әйгілі ғалымы Шоқан Уәлиханов білім алған. Сонымен қатар Ақтамақ, Алматы медресесі, Аякөз, Әбдіқадыр, Баб ата, Бағбұстан, Байғұл, Қапал, Қарнақ медресесі, Өзкент, Расулия, Меркі медреселері болған. Атақты медреселердің қатарында Ғалия мен Ахмет Риза.

Тағы басқа бір кітапта медресе сөзінің терминдік мағынасын былайша түсіндіреді.

Медресе – дін қызметшілерін, мұсылман бастауыш мектептерінің мұғалімдерін және Таяу, Орта Шығыс т.б елдердің мемлекеттік аппарат қызметкерлерін даярлайтын орта және жоғары мұсылман мектептері. Медресе тарихы VII-VIII ғасырлардан басталады. Мұсылман ағартуының аса дәуірлеген заманында өнер-білім, архитектура, астрономия, кітап жазу, кітапхана ісі, география және т.б ғылым салалары өріс алды.

Жалпы медресе тарихы – Үндістандағы Дели, Калькутта, Лахордан бастап, Ирандағы Тегеран, Исфахан, Тебриз, Ауғанстандағы Кабул, Герат, араб шығыс әлемінде – Бағдад, Александрия, Каир (Мысыр); Дамск (Шам); Африкада (Магриб) Алжир, Тунис Триполияға дейін; Испаниядағы Кордова; Орта Азиядағы Бұхара Самарқанға және Қазан, Уфа, Семей, Орынборға дейін шығыс елдеріне кең тараған мұсылмандық ағарту ісімен тығыз байланысты. Медресе үшін салынған ғимараттарда, шығыс елдерінің көрікті өрнектерін қолданған, түрлі өсиет-өнеге, ғибарат сөздер ұран ретінде, ал кенерелерінде осы медресе ғимараттарын қалаған шеберлердің аты-жөні, іргесі қаланған жылы, салғызған адамның аты-жөні жазылған. Медресе ішіндегі оқу бөлімшелері құжыра, қархана, дәрісхана деп аталған. Әрбір ірі медреселерде кітапханалар жұмыс істеген. Мысалы, Бұхарада 11 ірі кітапхана болған. Осындай Орта ғасыр медреселерінің зәулім ғимараттарынан төмендегілерді айрықша атауға болады: Түркістан қаласында Қожа Ахмет Иасауи кесенесі. Мұнда кезінде медресемен бірге кітапхана болған. Бұхара қаласында көне медреселерге жататын Арслан ханның бас мешіті (12 ғ.), 1119-1120 жылдары салынған Намазғақ медресесі. Бұхарада көптеген медреселердің ішіндегі ірілерінің бірі – Мир Араб медресесі (1530); 1568 жылы салынған Көкелташ медресесі, мұнда 160 құжыра мен дәрісхана бар, Диван Бегі медресесі, 1622 жылы салынған; Әбділезис хан медресесі (1652 ж.), 36 құжыра

мен дәрісханасы бар, архитекторы – Мұхаммед Салих Мемор. Барлығы бұл қалада жоғары, орта, бастауыш білім беретін 100 шамалы медресе болған. Самарқанда 19 медресе болған. Оның ішінде – Ұлықбек медресесі ірі медреселердің бірі, 1420 жылы салынған. Қоқанда 37 медресе болған. Наманғанда 20 медресе, Ташкентте 23 медресе, оның ірілері – ходжа Ахрар (1490ж.), Барақхан (1554 ж.) медреселері. Сырдария облысында Шымкент, Исфиджаб, Әулиеата, Түркістан, Ақмешіт, Зеңгі ата т.б 31 медресе болған. Семейде 7 медресе, оның үлкені – Ахмет Риза медресесі. Орынборда 10 медресе, олардың ішіндегі ірісі – «Хусаиния». Уфада 10 шақты медресе болған, ең ірісі – «Медресе Ғалия» 19 ғасырда. Қазанда 50 медресе болды, оның кейбірі жоғарғы, орта көбісі төмен дәрежелі медреселер болды. Олардың ірілері – Ахундов және Апанов медресесі, А. Әмірханов медресесі (1780 ж.). Бөкей ордасында хан ставкасындағы медресе. Сондай-ақ Бакуде, Хиуада, Астраханда, Бақшасарайда (Қырымда) медреселер болған. Медреселерде дәріс беретін оқытушыларды «абыз», «ахун», «қазірет», «молла», одан жоғарыларын «мүдәріс» деп атаған. Ал оқушыларды шәкірт, «талиб әл-илм» (ғылым ізденуші) дейтін. Медресе өзінің білім беру, оқу дәрежесіне қарай 4 басқышқа бөлінеді.

1. Бастауыш медресесі оны Ибтидия (бастауыш) деп атайды, оқу мерзімі – 4 жыл;
2. Рошидия, оқу мерзімі – 3 жыл;
3. Икдадия – жоғары оқуға дайындық, оқу мерзімі – 3жыл;
4. Ғалия мұнда жоғары білім беріледі, оқу мерзімі – 3жыл.

Медреседе жалпы оқу мерзімі 12-13 жылға созылады. Ал кейбір медреселерге түсу үшін «тахзерия» атты даярлық класы болған. Медреселердің оқу программасында діни оқу жағы басым болған. Медреселерде ерте орта ғасырда тек молла, абыз, ахун ғана емес ғалым, астроном, тарихшылар, лингвистер сабақ берген. Өйткені, сол кездің өзінде – Бируни, Ибн Сина, Фараби, Омар Хайям, Қашқари, Хорезми, Ұлықбек т.б. атақты адамдар негізгі білімді осы медреселерден алған. Заман өзгерісіне қарай, медреселердің оқу программасына аздаған өзгерістер енді. 19-ғасырдың ішінде медреселерде шығыс әдебиетінің кейбір үлгілері оқытылды. Мысалы, Сопы Аллаяр, парсы, араб тілдерінде, Ахмет Иасауи Хожа Хафиз, Физулидің беделді шығармаларын оқыған. Абай оқыған Камали Хазірет медресесі діни кітаппен қатар, Фирдауси, Хафиз Физули, Шамси, Сайхали, Науаи өлеңдерін үйреткені

белгілі. Абай өзінің алғашқы өлеңінде «медет бер, я, шағри фарияд!» деп осы ақындардың үлгісімен өлеңін бастайды.

Ескі ағым ескі дәстүрді қолдаушы қадимистер, мұсылман ағартушы топтармен, кейбір діни фанатиктермен, муридтермен қосылып, жаңа мектеп, медресе үйлерін қиратып, оқулықтарын өртеуге дейін барды. Алайда, жаңа оқу заман талабына сай өрістеп, еріксіз орын тебе бастады. Сол кездің озат адамдары Ғ. Тоқай, Ғ. Камал, Ф. Әмірхан, М. Ғафури, Мамедкулизаде, М. Ақмолда, Т. Жомартбаев, И. Көбеев, С.М. Торайғыров т.б. ескілікті оқу тәртібін қолдаушы және оны қорғаушы иолдалар мен дін иелеріне қарсы күресті. Ескі оқуды қатты сынаған Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев болды. Олар тек ескі арабша жүйесін өзгерту ғана емес, жалпы ағарту жүйесін орыс ілімімен ұштастыруды қолдады. 1860 жылдары басталған бұл идея қазақ даласында 1870 жылдары іске асты. Көптеген орыс қазақ мектептерін ұйымдастырған Ыбырай Алтынсарин болды. Усули-жадид пен төте оқу жолының Қазақстанда іске асуы 1900 жылдың басынан, әсіресе 1905 жылы революциядан соң өріс алды. Қазақстанда революция алдында жаңа әдіспен оқытатын жүздеген медресе болды. XX ғасырдың басынан көптеген медреселерде араб тілімен қатар орыс әдебиеті де оқытылды. Медресе шәкірттері көптеген газет, журналдар шығарды. Мысалы, «Садақ», «Тарақият» т.б. Осыған сай «Медресе Ғалия», «Мұхаммедия», «Хусайния» медреселерінде 1905-1907 жылдары революция ықпалымен оқушылар қозғалысы өріс алды. Осындай жастар арасында Ғ. Тоқай, С. Торайғыров, Б. Майлин, Н. Мананин т.б. шықты.

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының революциядан бұрынғы ағарту тарихы екі саладан қалыптасты. Біріншісі – ұзақ ғасырларға созылған мұсылман ағартуы (IX ғасыр – XX ғасырдың I жартысына дейін), екінші сала Еуропа ағарту жүйесі бойынша дамыды (ол XIX ғасырдың 40 жылдарынан бастап, 1917 жылға дейін). Бірінші салаға мұсылман мектеп, медреселері жатса, екінші салаға орыс-қазақ оқуы аралас мектептер жатады.

Ахмет Риза медресесі. XIX ғасырда Семей қаласында болған діни оқу орны. Оны діни философиямен ескі шығыс әдебиетіне жетік ғұлама Ахмет Риза ұйымдастырған. Медреседе шәкірттер діни сабақтармен қатар, шығыстың классик ақынының шығармаларымен, араб парсы тілдерімен танысып, арифметика, тарих, география пәндерінен дәріс алған.

Ахмет Риза медресесі шығыс әдебиетін насихаттап, сол кездегі басқа діни оқу орындарынан әжептеуір озық саналған. Абай бұл медреседе үш жыл оқыған. Ақын осында түрік, араб, парсы тілдерін үйренді де, бүкіл шығыс классиктерінің өлеңдерімен, философиялық ой-тұжырымдарымен танысты. Оның алғашқы өлеңдері айқын шығыс ақындары ізімен жазылғандығы да сондықтан.

Ахмет Риза медресесі көп ұзамай, жабылып қалды.

1993 жылы ҚР министрлері кеңесінің шешімі және Мәдениет министрлігінің арнайы хаты бойынша Ахмет Риза медресесі қалалық Абай мұражайына енгізілді. Ол бұрынғы Солдатская, қазіргі Дулатов және Интернациональная көшесінің қиылысында. Қасындағы 1949 жылы өртеніп кеткен мешіттің мұнара бөлігі 1995 жылы қалпына келтірілді [5, 318 б.].

Ахмет Риза медресесінде Хакім Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы сияқты даналарымыз білім алған. Абай мен Шәкәрім бабаларымыздың мұрасынан Алланы бірлеу, Алланың сипаттары сияқты ақидаға қатысты шығармаларды көреміз.

Хакім Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы Құнанбаевтың діни-философиялық талғаулары, тіршіліктің этикалық бағдары мен тағылымының биігін көрсетеді. Абайдың санасы бір ортаға – адамгершілік бірлігін іздеуге ұмытылған, ал ол сол арқылы адамды өлімнен қорықпауға, өмір сырын ұғынуға, ахиреттің хақтығы мен құдайдың бір, құранның рас, пайғамбарымыз саллалаһу алайһи уәссәләмнің хақ екендігін ғақлиялай келе, әрбір пенде бұл фәниде Аллаһу табарака уа тағалаға шәриксіз испатты иман келтіре ғибадат ету жолын нақыштайды және оны қоғамдағы иман таклиди арқылы ұғындырады. Шәкәрім де Абай сияқты бір Алланы өлең жырларына қосады. Тек Аллаға сенуді, Алланы іздеуді халық санасына өлең арқылы құяды. Сонымен бірге Ахмет Риза медресесінен басқа, қазақ жерінде Медресе Ғалия да болған.

Медресе Ғалия – Уфа қаласында 1872 жылы ұйымдасқан діни жоғары оқу орны Медресе Ғалия Еділ бойында. Орта Азия, Қазақстанда жоғары білімді оқытушы мамандар даярлаған прогрестік бағыттағы оқу орны. Өйткені, медресе Ғалияда шығыстану пәндері, логика, философия, тарих, география, математика оқытылған. XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында медресе Ғалияда көптеген талапкер қазақ жастары оқыды. Солардың ішінен белгілі жазушы Бейімбет Майлин, педагог-ақын Тайыр Жомартбаев

сияқты, Құлмұхамбет Оразаев, Ибрагим Тасболатов, Шахмұрад Назаров т.б не бары 1913 жылы қазақтан 50 бала оқыған. Олардың ішінде қазақ қыздары да бар. Жалпы медресе Ғалияда 500-ге таяу шәкірт оқыды.

Медресе Ғалияда оқыған қазақ шәкірттері 1913–1914 жылдардан бастап, «Садақ» атты журнал шығарып тұрды. Бейімбет Майлин сол журналды негіздеушілердің бірі. 1911 жылы медресе Ғалиядағы қазақ жастары өз қаражатымен «әліппе яки «төте оқу» атты қазақша оқу кітап бастырды. Осы жастар тобы 1400 сомға қазақ кітаптарын жарыққа шығарды. Сол кезде «Айқап» журналын оқып жүрген шәкірттер білім алуға шын ықылас қойған, ғылымсыз дүние болмайтынын түсінген жастар екендігін жазды. Медресе Ғалиядан оқып шыққан қазақ жастары ауылға келіп, мұғалім болып көпшілігі ағарту ісіне ат салысты [6,113 б.]. «Ғалия» сөзінің араб тіліндегі терминологиялық мағынасы «жоғары» дегенді білдіргендіктен, бұл медресе сол кезеңдегі жоғары оқу орны сияқты қызмет атқарған.

Айғаным медресесі. Ол Сырымбеттегі ханымның мұражайына мешітпен бірге 1834 жылы салынған. Жалпы аумағы 200 шаршы метрден астам медреседе әрқайсысының сыйымдылығы 20 шәкірттік бес бөлме болған. Медреседегі дін оқуына мұсылманша хат тануға сол төңіректегі жас балалар көп тартылған. Шәкірттерге сабақ беруге таңдаулы ұстаздар шақырылған.

Шота Уәлиханов «Айғаным» медресесінде Шоқан Уәлиханов мұсылманша алғаш сауатын ашқан. Онда сондай-ақ оның талантты, өнерлі інілері Жақып, Махмет, Қозыке, Қоқыш және тағы да басқа көзі ашық жастар тәрбие алған, – дейді.

Оңтүстік Қазақстан облысында да мешіттермен қатар көптеген медреселер жұмыс істеген солардың ішінде Қарнақ медресесін ерекше атап өтуімізге болады. Акрам Хабибулланың мақаласында келтірілгендей, Қарнақ қаласында 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін 4 медресе болған екен. Бірақ өкінішке қарай, Халфа медресесінен басқа үш медресе туралы әлі нақты мағлұмат жоқ көрінеді. Халфа медресесінің негізін 18 ғасырда өмір сүрген Хафиз молда салған. Халфа медресесінде жан-жақтан келген 200-ге жуық шәкірт білім алған. Солардың бірі – атақты ақын, араб-парсы тілдерінің білгірі Мұса Байзақұлы болған. Бұдан басқа, біз білмейтін қаншама қоғам қайраткерлері медреседен білім алған.

Қазақстанның Ресейге қосылуы қазақ жеріндегі діни білім беру жүйесіне өзіндік өзге-

рістер әкелді. Орыс отарлау саясатының бір бөлігі болып табылатын татар молдалары арқылы қазақтарға діни білім беру әрекеттері қазақ халқын бағынышты, бодан етіп тәрбиелеу ниетінен туындағаны белгілі. XIX ғасырдың екінші жартысына дейін осы үрдіс белең алып келді. Осы кезеңге дейін қазақ даласындағы білім жүйесі бірыңғай діни сипатта болды.

XIX ғасырдың өн бойында қазақ жерінде Созақ («Баб ата»), Қызылорда («Қалжан ахун»), «Мырзабай ахун»), Талдықорған («Мамания»), Алматы («Қорам»), Тараз («Әбдіқадыр»), Сырымбет (Айғаным медресесі), Бөкей ордасы («Орда»), Семей («Ахмет Риза», «Аякөз», «Сары Хисмат»), Орал («Мутыгия», «Рахибия», «Бузов»), Жезқазған («Дулығалы»), Торғай («Тұз»), Орда («Аққойлы»), Шаян («Аппақ ишан»), Түркістан, Қарнақ («Халфе», «Шамухамед ишан»), «Молда Хашыр дамолла», «Әбілхайыр қазы»), Ақтөбе, Ырғыз, Лепсі, Мерке, Қостанай өңірлерінде медреселер көптеп бой көтерді. Бұл медреселердің кейбірі жәдидшілік ағымы негізінде жаңашыл жүйеде қалыптасқан татар-башқұрт медреселері әсерімен салынды. «Оңтүстік Қазақстан» энциклопедиясында (Алматы, 2005): «1984 жылы Торғай облысында 59 медресе болды, бұларда 457 бала оқыды. 1986 жылы Ақмола облысында 13 медресе болды, бұларда 970 бала тағылым алды. Ақмола аймағында 1923 жылы 42 медресе қызмет етті» деген мәліметтер кездеседі.

Қазақ зиялыларының үлкен бөлігі аталған медреселерде білім алып, жетілді. Ұлтымыздың қамын ойлаған осы зиялылардың бір бөлігі болса, Орынбордағы Троицкідегі «Расулия» медреселерінде оқып, жәдидшілік идеяларымен жете танысты. Бұл өз кезегінде қазақ жерінде жәдидшілдік пен төте жазудың етек алуына жол ашты.

Медреселердегі жаңа оқыту әдісі – жәдидшілдік ағымы болды. Бұл ағым медреселердегі ескі оқу тәртібіне қадимилерге қасы қалыптасты.

Әуелде «усули жәдид» немесе «төте оқу» деген атпен бұл қозғалыс белгілі дәрежеде прогрестік рөл атқарды. Медреселердің оқу жүйесіне физика, математика, ана тілі, химия т.б. дүниетаным пәндері енгізілді, жаңа оқу заман талабына сай өрістеп, еріксіз орын тебе бастады. Сол кездің озат адамдары Ғ. Тоқай, Ғ. Камал, Ф. Әмірхан, М. Ғафури, Мамедкулизаде, А. Байтұрсынов, М. Ақмолда, Т. Жомартбаев, И. Көбеев, С.М. Торайғыров, Қалтаев, Гаспралы т.б. адамдар төте оқуды жақтады. Төте оқу жолының Қазақстан топырағында іске асуы 1900

жылдың басынан, әсіресе, 1905 жылғы төңкерістен соң өріс алды. Қазақстанда жаңа әдіспен оқытатын жүздеген медреселер жұмыс істеді. Алғаш рет араб әрібіне реформа жасады.

Медресе Орта Азия мен Қазақстан халықтары арасында елеулі рөл атқарды. Талай адамдар буыны білім негізін медреселерде алды. Мұсылманша хат тану – сауаттылық әр елде, әр халықта әрқилы дамыды.

II Екатерина үкіметтің бастауымен Уфадағы бүкіл империядағы мұсылман халқының істерін басқаратын Муфтият құрылды. Қазанда ескі араб тілінде басылған Құран шығарылып, сатуға таратылды. Бұл қазақ даласында діни мектептердің көбеюіне себеп болды. 1894 жылы Торғай облысында 59 медресе болды, бұларда 457 бала оқыды. 1896 жылы Ақмола облысында 13 медресе болды, бұларда 970 бала тағылым алды. Ақмола аймағында 1923 жылы 42 медресе қызмет етті.

1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейінгі діни білім жүйесінің жалпы көрінісі осы сипатта болды. Ал дінді «апиын» деп жариялаған Кеңес одағының атеистік билігі дінге де, діни білім жүйесіне де тыйым салғаны таяу тарихтан белгілі. Өртүрлі айып тағып, ұлт зиялыларын, байлар мен молдаларды қуғындаудың сан түрлі тәсілін тапқан кеңестік билік тұсында діни білім берудің жасырын түрлері дамыды. Орталық Азияда, қазақ даласында ғасырлар бойы жалғасып келген тариқаттар дәстүрі бұл кезеңде де үзілмеді. Шәкірттерді жекелеп түн мезгілінде оқыту, күндізгі шаруашылық жұмыстары барысында сұхбат арқылы білімімен бөлісу, діни білім берудің бірден-бір мүмкін түріне айналды. Бұл үрдіс, әсіресе, Оңтүстік Қазақстан өңірінде дамыды. Діни ағартудың бұл түріне тосқауыл қою үшін кеңестік билік өкілдері діни сауатты ишандар мен молдаларды барынша аңдуға алып, үстеме салық салу, мал-мүлкін тәркілеу, жер аудару шараларына дейін қолданған.

1941 жылы басталған екінші дүниежүзілік соғыс ішкі рухани дағдарыстары шегіне жеткен Кеңестер Одағына оңайға соқпады. Соғыстың алғашқы жылдарындағы үздіксіз жеңілістер ішкі ахуалды ширықтыра түсті. Өтпелі құндылықтардың халықтың рухын көтеруге қауқарсыз екендігін мойындаған кеңестік билік мәңгілік құндылықтарды қайта жаңғыртып, ел рухын көтеру, Отан қорғауға жігерлендіру үшін дінге ерік беруге мәжбүр болды. 1941 жылы Орта Азия мұсылмандарының діни басқармасы (САДУМ) құрылды. Қазақстан аталған діни басқарма құрамына қазият ретінде енді. Бұл қазақ дін зиялыларының азды-көпті ашық жұмыс жүргізіп,

діни еңбектер жазуына мүмкіндік берді. Әсіресе, көрнекті дін ғалымы, 20 жыл бойы (1952-1972жж.) Қазақстанның қазия қызметін атқарған Сәдуақас Ғылманидің терең әрі мазмұнды діни зерттеулері дін ғылымының сан саласын қамтуымен ерекшеленді. С.Ғылманидің «Дін педагогикасы», «Құран туралы жала мен өтіріктерге қарсы», «Рисала Уасатыйиа», «Махмуд Шалтут тафсиірінің аудармасы» еңбектері мен ақида (сенім негіздері) саласындағы жазбалары тұтас бір тарихи дәуірдің діни пайымдауларын қорытқан жүйелі ізденістердің жемісі болды.

Кеңестік билік тұсында қазақ жерінде діни білім жандана қойған жоқ. 1971 жылы Өзбекстан астанасында Имам Бұхари атындағы Ислам институты құрылды. Кеңес одағы көлеміндегі бірден бір исламдық оқу орны саналатын осы институттан қазақ халқының бірқатар тұлғалары білім алды. Қазақ дін зиялыларының кеңестік кезең тұсындағы қызметі ғұрыптық рәсімдерді атқару, діни мерекелерді өткізумен шектелді.

XX ғасырдың 30-40-жылдарындағы сталиндік репрессия салдарынан қазақ жеріне протестант сенімін ұстанушы халықтар, әсіресе немістер көптеп жер аударылды. Бір ғана Еділ бойынан елімізге 360 000 неміс ұлтының өкілдері жер аударылған. 1950 жылдары елімізде лютеран шіркеуінің, інжілдік христиан-баптистердің, адвентистер мен меннониттердің қауымдары қызмет ете бастады. 1955 жылы Целиноградта алғашқы лютеран шіркеуі тіркелген. 1990 жылдары інжілдік христиан-баптистер қауымының саны 109-ға жеткен.

Сонымен қатар, Ахмет Риза, Ғалия, Айғаным медреселерінен басқа Қазақстан жерінде мынандай медреселер болған. Олар: Алматы медресесі, Аякөз медресесі, Әбдіқадыр медресесі, Баб ата медресесі. Осы медреселер жайындағы қолда бар мәліметтерге тоқталып өтейік.

Алматы медресесі. 19 ғасырдың орта шенінде Алматыда орталық мешіт салынуымен қатар, жанынан жүз елу адамдық діни медресе ғимараты да бой көтерді. Аталмыш оқу орны қазір Маметов пен Пушкин көшесінің қиылысында ағаштан салынған бір қабатты үй еді. Медресеге талапкер Қазақстанның барлық аймағынан қабылданған. Бірақ атеизм үстемдік еткен Кеңес үкіметінің солақай саясатының салдарынан медресе 1938 жылы жабылып, Ұлы Отан соғысы жылдары онда әскери мекеме жайғасты. Соғыстан соң медресе ғимараты 1990 жылға дейін кешкі мектеп қызметін атқарды. 1990 жылы жаңа мешіт құрылысы басталуына орай, сол кездегі діни басшылық медресе ғимаратын бұздырды.

Аякөз медресесі. Іргесі 1851 жылы қаланған медресе ұзақ жылдар бойы Аякөз округіндегі 12 болыс елдің балаларын мұсылманша оқытып сауатын ашқан. Медреседе дін оқуларымен қатар, тарих, жағрапия, есеп, фәлсафа пәндері де оқытылған. Онда Шейх – ул Сейт Мирхамедұлы, Бердіқожа Саяқыпұлы, Мұхаммед Садық, Шәкер Шахиахметұлы т.б дін қайраткерлері білім алған. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтың атасы Әуез де осы медреседе білім алған. Медресе өткен ғасырдың 20-жылдары жабылған.

Әбдіқадыр медресесі. Оның құрылысы Тараз қаласында 1906 жылы басталып, 1912 жылы аяқталған. Медресе Әбдіқадыр атты кісінің қаржысына салынған. Алайда, XX ғасырдың 30-жылдарында бұзылып, алдыңғы беті мен мұнарасы ғана аман қалған. Әбдіқадыр медресесі Орта Азияның осы тектес құрылыстары үлгісінде салынған. Алдыңғы қабырғаның дәл ортасында жебе тәрізді арқалы терең ойығы, екі жағында сүйірлене шыққан жіңішке мұнарасы бар. Күмбезді мұнарасына қарама-қарсы алты терезе орнатылған. Медресе күйдірілген кірпішпен қаланған.

Баб ата медресесі. Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауылының орталығы Шолаққорған ауылының жанында орналасқан. XVIII аяғы – XX басында іргетасы қаланып, күні бүгінге дейін жеткен оқу орны көп игілікті іс атқарды. Халқымыздың талай азаматтары осы жерде білім алып, сауатын ашты [5, 320 б.].

Қазақстанда ислами білім беру жүйесінің ерте ғасырлардан басталған мың жылдық тарихы бар. Ең алғашқы ислами оқу орындары араб жерінде емес, Түркістан өлкесінде пайда болғандығы тарихтан белгілі. Мұның басты себебі, араб тілінің ерекшеліктеріне байланысты. Ислам дінін қабылдаған түркі халықтары үшін діннің негіздерін үйренудің жалғыз жолы араб тілін меңгеру болып табылатын. Сондықтан түркі халықтары Құран Кәрім мен Пайғамбарымыздың сүннеттерін үйрену үшін араб тілін меңгеру қажеттілігі

туындады. Сол себепті де араб тілін меңгерген жетік ғұламалар қарапайым халыққа араб тілі, Құран, хадис сияқты ілімдерді үйрету үшін медреселер ашыла бастады. Орта ғасырларда бірыңғай рухани мәдени кеңістікте өмір сүрген Орталық Азияда медреселер жүйесі ерекше қарқынмен дамыды. Медреселер көбіне мешіттердің жанынан салынды. Бұхара, Самарқанд, жерінде басталған медресе дәстүрі Баласағұн, Түркістан, Отырар, Сайрам, Сауран, Сығанақ, Өзкент секілді Ұлы Жібек жолының бойында жатқан ірі мәдени орталықтарда жалғасын тапты. Ортағасырлық жазба мәліметтерде бір ғана Баласағұн қаласында 40 мешіт, 20 медресе болғаны айтылады.

Қазақстан жеріндегі медреселер жүйесі бойымен Сыр бойындағы қалаларда ерекше өрістеді. Бұл Қожа Ахмет Иассауи негізін салған рухани ілім арқылы Түркістан қаласының түркі жұртының рухани астанасы деңгейіне көтерілуімен тікелей байланысты болды.

Халқымыздың тарихында қай кезеңде өмір сүрген ақын – жыраулардың өлеңдерін алып қарамайық, олардың барлығында ақида мәселесі орын алады. Яғни, Алланың барлығы, Алланың сипаттары, Алланың бірлігі, ақырет күні, қиямет күні сияқты сөз тіркестері көрініс табады. Яғни осы ойды қорытындылай келе, сол уақыттардың барлығында оларға ақида ілімін бойларына сіңіретін бір білім беру жүйесі болғанын көреміз. Қазіргі заманда кез-келген мәселе осы ақида ілімінен келіп туындап отыр. Сонымен қатар Қазақстан жерінде өмір сүрген медреселер туралы ешбір жерде мардымды мәлімет таба алмайсың.

Халқымыздың «Өткенді білмей, болашақты болжай алмайсың» деген қанатты сөзіне сүйенсек, өткенді зерттеп, қазіргі оқиғаларға анализ жасамайынша, біз нағыз білім иесі бола алмаймыз. Осы жағдайды ескеретін болсақ, бұрынғы бабаларымыздың ілім жүйесін зерттей отырып, қазіргі туындаған мәселелердің шешімін табуымызға болады.

Әдебиеттер

- 1 Ювалы А. Бүгінгі дінтану мәселелері – Түркістан: Тұран, 2004. – 200 б.
- 2 Сейтбеков С. Иман негіздері – Алматы: Көкжиек, 2011. – 376 б.
- 3 Ержан Қ. Білім беруде медреселердің маңызы «Қожа Ахмет Ясауи тағылымы және Қазақстандағы діни білім беру мәселелері» атты Халықаралық симпозиум материалдарының жинағы. Түркістан: Тұран, 2011. – 433б.
- 4 Остроумов Н.П. Мадрасы в Туркестанском крае – Санкт-Петербург: Сенатская Типография, 1907. – 315с.
- 5 Дербісәлі Ә. Қазақстандағы мешіттер мен медреселер – Алматы: Көкжиек, 2009. – 428 б.
- 6 Нұрғалиев Р.Н. Ислам энциклопедиясы – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 281 б.

References

- 1 Yuvali A. Bugini dintanu maseleleriTurkistan: – Turan, 2004. – 200b.
- 2 Seitbekov S. Iman negizderi – Almaty: Kokjiek, 2011. – 376b.
- 3 Erjan K. Bilim berude medreselerdin manizi «Koja Ahmet Yassau tagilimi jane Kazakstanda bilim беру maseleleri» atti Halikaralik simpozium materialinin jinagi. Turkistan: Turan, 2011. – 433b.
- 4 Ostroumov N.P. Madrsi v Turkestanskom krae – Sankt – Peterburg: Senatskaia Tipografia, 1907. – 315s.
- 5 Derbisali A. Kazakstandagi meshitter men medreseler – Almaty: Kokjiek, 2009. – 428 b.
- 6 Nurgaliev R.N. Islam ensiklopediasi – Almaty: Kazak ensiklopediasi, 1995. – 281b.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Байтенова Н.Ж.

Религиозное измерение и мотивация современного терроризма

Булекбаев С.Б., Ивашов А.А., Булекбаева Р.У.

О необходимости государственной программы религиозного просвещения для РК

Карабаева А.Г., Исмагамбетова З.Н.

Определение религиозной толерантности, типов и модели толерантности в казахстанском обществе

Садвокасова З.Т.

Политика самодержавия в религиозной сфере Казахстана (на примере миссионерской деятельности)

Mejrbaev B.B., Badagulova Zh.

The introduction to the Docetism Controversy

Абжалов С.Ө., Матмусаева М.

Хариджиттік ағымының келуі

Байтенова Н.Ж., Нуриханов А.А.

Эволюция исламистского радикализма: от идейных истоков к современной доктрине

Абдраилова Г.З., Бұхаев Ә.Н.

Философиялық антропология рухани трансформация ретінде: идеализмнен рационализмге бетбұрыс

Жамалов Қ., Шынтаева Н.С.

Қазақстандағы діни сенімнің ұштасқан ұғымдары

Ержанова Ф., Темиртон Г.

Концепт «Вера» в духовно-этической и религиозной парадигме

Абжалов С.Ө., Әлімбетова Н.Б.

Қазақ діни білім беру жүйесіндегі ақида мәселесі

Мейрбаев Б.Б., Әбуов Т.Т., Аршабаев С.Т.

Мутазилаһның тағдыр мен жазмыш туралы көзқарастары

Байқонысов Е.Р., Утеева К.Қ., Бегім А.Б.

Басты міндет – жастардың діни сауаттылығын арттыру

Шетел басылымдары Зарубежные публикации

Мехмет Евкуран

Дағдарыс теологиясы және қоғамдық қозғалыс ретінде салафизм. Салафилік идеология және

Ислам әлеміндегі ықпалы туралы сараптама

Алираза Гафаров

Взгляд на историю понимания очарования Корана

Ғылыми өмір Научная жизнь

«Мәдениетаралық және дінаралық сұхбат – заманауи қоғамының тұрақты дамуының кепілі» атты халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференция

Авторлар туралы мәліметтер